



№ 43
(9742)

26 қазан
сәрсенбі
2022 жыл

Темір

Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. А.БАЙТҰРСЫНОВ.



АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

temir.gazet

temir.gazet72@mail.ru

АУДАН ӘКІМІ МАРАПАТТАЛДЫ

19 ҚАЗАН КҮНІ ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТІП, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ КӨШЕКБАЕВА, АУДАНЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АУДАН ӘКІМІ МЕН ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМА ТАРАПЫНАН ЫНТАЛАНДЫРУ СЫЙЛЫҚТАРЫ ТАБЫСТАП, САЛТАНАТТЫ ШАРА КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМАМЕН АЯҚТАЛҒАН БОЛАТЫН. АЛ, 21 ҚАЗАН КҮНІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВ, АУДАНЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ ЖАҒДАНАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БАСШЫСЫ С. ҚАЛМЕНОВТІ ҚАБЫЛДАП, АУДАНЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫН «ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ» КӘСІБИ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

Қабылдау кезінде аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы С. Қалменов аудан әкіміне облыстық төтенше жағдайлар басқармасының басшылығының атынан азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін және «Республика күні» мен «Құтқарушылар мерекесіне» орай Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Құрмет Грамотасын» табыстады.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

«Балалар жылы-2022»

ҚАМҚОРЛЫҚ ЖЕТИЛДІРЕ ТҮСЕДІ

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫНДА» ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР (ПМПК) ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУ КАБИНЕТТЕРІ АРНАЙЫ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛАДЫ. СОНДАЙ-АҚ ПСИХИКАЛЫҚ АУЫТҚУЛАРЫ БАР, ЕСТУ, КӨРУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН АРНАЙЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ ЖАҒАРТЫЛАДЫ. БҮЛ ТУРАЛЫ ЖАҚЫНДА АСТАНАДАҒЫ ЖИЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ӘЙГЕРІМ КҮДЕРИНОВА АЙТҚАН ЕДІ.



Мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық көрсету бойынша біздің ауданымызда да үнемі жақсы жұмыстар атқарылып келеді. Мәселен, ауданның қайта құрылғанына 50 жыл толуына орай салынған ипподром – бір жағы ұлттық ат спортына насихаттау мақсатында салынғанымен, екінші жағынан тірек-қимыл аппараты бұзылған, церебралды сал дертіне шалдыққан балалар ата-аналарының өтініші де ескеріліп құрылғанын көпшілік біле бермейді. Жуықта аудан әкімі С. Аманбаев кент әкімі Қ. Нұрғалиевпен бірге, аудандық аурухананың бас дәрігері С. Жаңахметовты, Темір балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Р. Кенжеғалиевті және Темір балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқу іс жөніндегі орынбасары Н. Жүмекешовты аталған жаңа құрылыс нысанына арнайы ертіп баруы – бұған айғақ бола алады. Аудан басшысы осы сапарында С. Жаңахметов пен Р. Кенжеғалиевке ерекше балаларды ат үстінде жүргізуді, яғни иппотерапия шараларын ұйымдастыруды және олар үшін арнайы кесте бекітіп, алдын-ала ата-аналарға хабарласа отырып, оңалту шарасын аптасына кемінде бір рет өткізуді, мұнда балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапты арнайы иппотерапия нұсқаушысын, яғни иппотерапевт маманын даярлауды жүктеді, сондай-ақ аталған тапсырмалардың орындалуын бақылауды орынбасары Ж.Қойшыбаевқа міндеттеді. Ал, өткен аптада аудан орталығындағы бір отбасы жаңадан салынған ипподромның қызметін пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен бірге, С. Аманбаев мүмкіндігі шектеулі жандар күні қарсаңында аудандық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде ұйымдастырылған «Мүмкіндігі шектеулі жандар – мейірімділік үлгісі» атты іс-шараға қатысты. «Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған бұл мәдени іс-шарада сөз сөйлеген аудан әкімі, Темір балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Р. Кенжеғалиевке ата-аналарымен алдын-ала келісе отырып, дене шынықтыру-сауықтыру бағытында ерекше балалар үшін қолайлы кесте бекітуді тапсырды.

– Тағдырдың сынына мойымай, асқақ арманға қанат қаққан мына қаршадай балаларға ерекше көңіл бөлу керек, – деген С. Аманбаев, балғындарға жылы лебізін білдіріп, мерекелік сыйлық табыстады.

Іс-шара барысында балалар құммен сурет салып, аниматорлар қызықты қойлымдар көрсетіп, танымдық ойындар өткізілді. Ауқымды іс-шара соңында ұйымдастырушылар ата-аналар мен балаларға тәттілерге толы мерекелік дастархан жайды.

Жалпы ауданымызда «Балалар жылы» аясында ерекше жандарға қайырымдылық жасаудан кезге түсіп жүрген мекемелер мен ұйымдар, жекелеген кісілер де баршылық. Мысалы, бұл бағытта аудандық полиция бөлімі бірқатар жағымды жұмыстар атқарып жүр. Басқасын айтағанда, бұл мекеме жоғарыда айтылған айтулы күні ерекше балаларды назардан тыс қалдырмай, мерекелік сыйлықтарымен қуантты.

Мамандар: «Ерекше балалардың дамуындағы ауру – ерте сатысында анықталып, оларға уақытылы психологиялық-медициналық және педагогикалық көмек көрсетілісе, емдеуге болады» деген пікір айтады.

Ә. ДӘУҒҰЛЫ.

ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАНЫНА 50 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ТОЙҒА ТЕМІРЛІКТЕР ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ТЫҒЫЛЫҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ КӨРІП КЕЛГЕНІ КӨПШІЛІККЕ МӘЛІМ. АТАП АЙТҚАНДА, АУДАН ӘКІМІНІҢ ӨКІМІМЕН ҚҰРЫЛҒАН КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ МЕРЕКЕНІҢ АРНАЙЫ ЛОГОТИПІН БЕКІТТІ, АУДАНЫҚ «ТЕМІР» ГАЗЕТІНДЕ «ЕЛУ ЖЫЛДА ЕЛ ЕҢСЕЛІ» АЙДАРЫМЕН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ 19 МАҚАЛА ЖАРИЯЛАНЫП, АУДАН КӨЛЕМІНДЕ 11 МЕРЕКЕЛІК БАННЕР ОРНАТЫЛДЫ, ОБЛЫСТАН АРНАЙЫ ТҮСІРУ ТОБЫ ШАҚЫРЫЛЫП, ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ ЖАСАЛДЫ, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӨРІПТЕУ МАҚСАТЫНДА «ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ» ТОЙЫ ЖӘНЕ «ЖАҢА ЛЕП» КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ, ОРТАЛЫҚ САЯБАҚҚА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫ ЖҮРГІЗІЛІП, МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КІРЕБЕРІСІНЕ ЖАҢА ТҰҒЫРНАМА ЖӘНЕ ШҰБАРҚҰДЫҚТЫҢ ЖАНЫНАН ЖАҢА ИППОДРОМ САЛЫНДЫ, «ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – ТЕМІР» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫС ӨТКІЗІЛІП, ТОЙ КЕЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН Т. Б. КӨПТЕГЕН ШАРАЛАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНЫП, БЕКІТІЛДІ.

«Тарихы Терең

Темірім»

облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы С. Шаңғұтұлынан т. б. келгені атап өтілді. Бұдан кейін аудан әкімі Саламат Аманбаев, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, танымал ақын Мейірхан Ақдәулет, Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігі Қауіпсіздік департаменті директоры Нұржауған Қалауов, өлкетанушы Райымбек Жұбанұлы т. б. жүрежарды тілегін арнады.

Жарты ғасырлық мерейтойға орай ұйымдастырылған конференция, осынау уақыт ішінде ауданға ерекше еңбегі сіңіп, Темірдің мерейін асқақтатқан азаматтарды мерекелік марапаттау рәсімімен жалғасты.

Той мен мемлекеттік мерекенің сәнін келтірген шараның бірі – аудан орталығындағы орталық саябақтың салтанатты ашылуы болды. Бұл

салтанатты шараға мерейтойдың құрметті қонақтарымен бірге, аудан тұрғындары да көп жиналды. Демалыс орынының салтанатты ашылу рәсімінде құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі С. Аманбаев, халық игілігі жолында атқарылар жұмыстардың толастамайтынын тілге тиек етті. Қайта түлеп, сәулетті де саялы демалыс орнына айналған саябақтың тұсау кесерің еңбек ардагерлері Д. Дәрібаев пен Г. Дулатбай қиды. Бұдан кейін саябақ орталығындағы алаңда Қазақстан Республикасының Туын көтеріліп, Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалды.

Жаңарған орталық саябақ – жаңа арт-элементтермен өрнектелген жаңа құрылым болып есептеледі. Ол алдағы уақытта да артистациямен толығы түседі деп күтілуде. Шара барысында тұрғындар өсем әуенмен әрленіп, құлпыра түскен әдемі саябақты мерекелік көңіл-күймен аралап, бүлдіршіндер ойын-аланын, арнайы ұйымдастырылған көрмені, жаңадан орнатылған субұрқасты т. б. тамашалады.

Осы күні аудан тұрғындары мен қонақтар тағы бір ірі нысанның ашылу салтанатына куә болды. Ол Темір ауданының қайта құрылғанына жарты ғасыр толуына орай бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес қолданысқа енгізілген ипподром болатын.

(Жалғасы 2-бетте).



Екі күнге созылып, «Республика күні» мерекесімен қатар өткізілген той, жоғарыда айтып өткеніміздей, алдын ала бекітілген бағдарламаға сәйкес, аудан басшылары мен ақсақалдарының, сонау Астана мен Алматы қаласынан, облыс орталығынан, көрші аудандардан ат терлетіп келген делегацияларды қабылдаудан басталды. 24 қазан күні келген меймандарға ауданымыздың айшықты ғимараттары мен ауданның мерейтойына орай құрылып, қолданысқа енгізілген әлеуметтік нысандар таныстырылып, қонақасы берілді. Қонақасы кезінде меймандар темірліктерді

мерейтойымен құттықтап, өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Ал, 25 қазан күні тойдың шаралары Нұрпейіс Байғанин атындағы Мәдениет үйінде «Тарихы терең Темірім» атты конференциямен басталды. Ауданның Құрметті азаматы, ардагер Нұрмухан Исаулы Өтеповтің төрағалығымен өткен конференцияға тойға шақырылған қонақтар, аудан әкімдігінің бөлім, мекеме басшылары, округ әкімдері, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың, шағын және орта бизнес пен республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі БАҚ өкілдері қатысты.

Мемлекеттік Әнұранмен ашылған конференцияда аудан әкімінің орынбасары Нұрлыгүл Көшекбаеваның «Темір ауданының қайта құрылғанына 50 жыл: жетістіктеріміз бен алдағы міндеттер» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалып, облыс әкімі Ералы Тоғжановтың құттықтау хаты оқылды және осындай мазмұндағы құттықтаулар генерал-майор Б. Жанасаевтан, Парламент Сенатының депутаты Б. Қаниевтан, аудан әкімінің қызметін атқарған Б. Өбішовтен, ҚР «Қызмет» салалық кәсіподағы Орталық комитетінің төрағасы М.Жақыповтан, Ақтөбе

«Тарихы Терең Мемірім»



Аудан орталығынан салынған аумағы 25 мың шақырымды алып жатқан 500 орындық спорттық нысан бір жағы ұлттық ат спорттың дамыту мақсатында, екінші жағынан тірек-қимыл аппараты бұзылған, церебралды сал дертіне шалдыққан балаларды иппотерапия әдісімен емдеуге жоспарланған. Ипподром ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімі, аудан тұрғындарын құттықтап, бұқаралық ұлттық спортты дамыту – жас буынның тарихи санасын жаңғыртудың бір жолы екенін ерекше атап өтті.

шапқан «Ызғар» деп аталған ат, үшінші орынмен қанағаттанды. Тісқаққан, небір тәжірибелі де азұлы палуандардың көкпары додасына түсуі де көпшіліктің ұлттық ойынға деген ынтасын аударып, тойдың сәнін келтіргенін көргенде арманда, көрмеген де арманда десек, артық айтқандығымыз емес. Күштері қанасынан асып тасыған, білекті жігіттер бір-біріне дес бергісі келмей, барын салып, жеңісті қолдан бермеуге тырысқан. Дегенмен күштінің аты күшті емес пе, командалық көкпарыдан I-орынға

Ы. Сағынғалиевке бұйырды. Жалпы айта кететін жайт – тойға 14 шаңырақ үй тігіліп, әрбір отауда мерекелік кең дастарқан жайылған күйі мал сойылып, арнайы ас дайындалды және сыйлы қонақтарға бас тартылып, ақсақалдардың ақ батасы алынып, дәстүрге сай шапан жабылды. Осы күні бұдан басқа да көптеген шаралар ұйымдастырылды. Ауданның өнерпаздары ипподром жанына салынған үлкен сахнада гала концерт қойып, әуелетіп ән шығады, күмбірлетіп күй тартты, мың бұралып



би биледі. Көпшілік тарапынан ауданның түрлі салаларында еңбек еткен ардагерлерге құрмет көрсетілді. Әдетте біз, белгілі бір шараны сәтті өткізген соң, көңілденіп: «Тойдың болғанынан, «болады, болады-мысы қызық ғой...» деп жатамыз. Бұл сол ұйымдастырылған шараға дайындық кезеңіндегі қат-қабат қарбалас жұмыстарды атқарып үлгіру үшін қызығы мен қиындығы мол зыр жүргіріс туралы айтылатын сөз екені даусыз. Иә, тойға дайындалуда оңай шаруа емес екені рас. Шараға дайындық аяқталып, жиналғандарға мол

Жаңа ипподромның салтанатты ашылу рәсімінің соңы ұлттық ойындарға ұласып, тұрғындар мен қонақтар ұлттық спорт түрлерінен ұйымдастырылған жарысты тамашалады. Ұлттық ойындар басталмастан бұрын аудан әкімі С. Аманбаев жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі. Бәйге мен көкпар десе құлағы елендеп, делбесі қозбайтын қазақ бар ма, әсіресе 25 мың шақырымға созылған аламан бәйге мен көкпары ойыны тойдың қызығын қыздыра түсті. Аламан бәйгеде қара жерді дүбірлеткен шабандоздардың шабысы көпшілікті риза етіп, желмен жарысқан небір сәйгүліктер ауыздығымен алысып, мәреге бірінші жетуге таласқан. Шыдамдылық пен мықтылық, шеберлік пен ептілік сыңа түскен дүбірлі додада Атырау облысының Мұқыр ауылынан Е.Еркінұлының тізгіндеген «Сомбалақ» аталатын тұлпары бірінші орынды қанжығасына байласа, Алға ауданынан Н.Ерназардың тақымындағы «Нұрқасқа» екінші орынды еншіледі. Ал Ембі қаласынан келген Д. Айбек



Қайыңдының, II-орынға Тасқопаның, III-орынға Бабатайдың жігіттері жайғасты. Сонымен қатар, тартысты өткен ұлттық ойындардың бірі – қой көтеру сайсы болды. Бұл жарыста I-ші және II-ші орындарды Қандыағаш қаласының балуандары Н. Жүндекбаев пен М. Самұрат еншілесі, III-ші орын Байғанин ауданының спортшысы

қуаныш сыйлайтын тойды тамашалау да рахат, әрине. Сондықтан ауданымыздың қайта құрылғанына 50 жыл толу мерейтойының қызықты өтуіне атсалысып, темірліктер мен қонақтарға тамаша көңіл күй сыйлаған барша жерлестерімізге шын көңілден алғысымызды айтамыз!

Әбдісәлі ДӘУЛЕТБАЙ.

Есептік кездесу

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ НАЗАРДА

ЖУЫҚТА АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВ, ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГИНЕ ЖҰМЫС САПАРЫ БАРЫСЫНДА БАБАТАЙ, ШИБУЛАҚ, ҚҰМҚҰДЫҚ АУЫЛДАРЫНДАҒЫ БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП, ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУГЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРМЕН ҚАТАР, АУДАН ПРОКУРОРЫ А. ӘБІЛӘКІМ, АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Б. БАҚТЫҒАЛИЕВ, МЕКЕМЕ ЖӘНЕ БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Іс сапарын Бабатай ауылынан бастаған аудан басшысы, осындағы таза ауыз суға арналған кешенді блок-модульді қарап шықты. Аудандық бюджет қаражаты есебінен 6. 930 мың теңге бөлініп, мердігер ұйым «Сакура» ЖК тарапынан ұңғыма бұрыланып орнатылған бұл кешенді блок-модульді арқасында, ендігі жерде ауыл тұрғындары тұтынуға тұщы су пайдаланатын болды. Сондай-ақ, осы кешенді блок-модульға жұмыссыз ретінде тіркелген жергілікті тұрғын арнайы оқытылып, тұрақты жұмысқа орналастырылды. С. Аманбаев тексеру соңында округ әкімі Р. Рашевке кешенді блок-модульдің үздіксіз және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Бұдан кейін аудан басшысы, бабатайлықтармен кездесіп, ағымдағы жылы атқарылған жұмыстардың есепті баяндамасын жасады. Кездесуге келген тұрғындар аудан әкіміне өзекті мәселелер бойынша, атап айтқанда қыс мезгілінде Құмқұдық ауылына дейінгі автомобиль жолына күтім жұмыстарын ұйымдастыру, қаңғыбас итерді аулау, спорт алаңын салу, мектептегі балалардың аздығы, ұялы байланыс желісі жөнінде сауалдар

қойып, ұсыныстарын білдірді. Аудан әкімі мен округ әкімі ауыл тұрғындары тарапынан туындаған мәселелерге жауап беріп, тұрғындар тілегі қашанда басты назарда болатындығын атап өтті.

Шибұлақтағы тұрғындарымен есептік кездесуде аудан әкімі мен аудандық ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Е. Жолдығарин, «Ауыл аманаты» жобасының негізгі көрсеткіштеріне тоқталды. Мұнда, атап айтқанда 2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру бағдарламасын орындау мақсатында қолға алынғандығы айтылып, негізгі міндет – ауылдағы жұмыссыздықты жойып, жеке кәсіпті дамыту арқылы табыс табуға үйрету, осы бағытта халыққа қолдау көрсету екендігі түсіндірілді. «Ауыл аманаты» жобасымен танысқан ауыл тұрғындары жоба аясында сұрақтарын қойып, оны жетілдіру бойынша ұсыныстарын жеткізді және қыс мезгілінде жарықтың жиі сөнуі, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында электр сымдарын тарту, ауылда орналасқан жалғыз трансформаторды қоршау, көпір құрылысы, газдандыру, ұялы байланыс желісі, Құмқұдық ауылына кіреберістегі жолды асфальттау туралы мәселелерді тілге тиек етті.

Шибұлақта кездесуді қорытындылаған аудан әкімі, округ әкімі Р. Рашевке ауылдағы әр ауланы аралап, жоба бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жалғастыруды, тұрғындардың электр желісіне қатысты көтерген мәселелері бойынша «Энергосистема» ЖШС аудандық бөлімінің басшысы Б.Бақаевқа ресми хат дайындап, бір ай мерзімінде толық орындалуын бақылауға алуды тапсырды.

Ал, Құмқұдық ауылындағы есептік кездесуде аудан әкімі С.Аманбаев, 2022 жылы ауданның экономикалық және әлеуметтік салаларында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта іске асырылатын жұмыс жоспары туралы баяндады және кездесу соңында құмқұдықтардың қойған әрбір сұрағына жауап қайтарып, айтылған түйткілдерді шешу жолы қарастырылып жатқандығын жеткізді. Есептік жиынға қатысқан көпшілік аудан әкімінің жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады. Құмқұдықта болған кезінде аудан әкімі ауыл маңындағы «Көлбатыр» лиманының құрылыс жұмысымен танысты.

Аталған жұмысты Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті «ҚазСуШар» АҚТБ өңірлік филиалы жүргізеді. Бекіту жұмысын жүргізу үшін «ҚазСуШар» РМҚ арнайы техникамен жұмысшылар жеткізген. Дәл осындай жұмысты облыстық «ҚазСуШар» Бабатай ауылының маңында, жалпы аудан бойынша Тасқабак, Көлденең Темір лимандарында жүргізбек. Бұл жұмыстарды жүргізу арқылы көктемгі-күзгі кезеңде ылғал мен судың сақталуын реттей отырып, топтырақ ылғалды ұзағырақ сақтауға мүмкіндік болады және мал азығын жинау кезінде өнімділік деңгейіне оң әсер етеді.

Бөгеттерді аралау соңында аудан әкімі округ әкімі Р. Рашевке мердігер мекемені тығыз жұмыс жасауды және жұмыстардың сапалы әрі уақытылы аяқталуы үшін жүргізіліп жатқан жұмыстарды бақылауды тапсырды.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

АУДАН ӘКІМІ С. АМАНБАЕВ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ БАСШЫСЫ М. АМАНБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ БАСШЫСЫ АУДАН ӘКІМІНЕ АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БАСШЫСЫ ҚАЛМЕНОВ САЛАМАТ МҰРАТҰЛЫН ТАНЫСТЫРДЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚЫ МЕРЗІМГЕ ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ, АУДАНДЫ ӨРТ СӨНДІРУ ТЕХНИКАСЫМЕН, АРНАЙЫ ИНВЕНТАРЛАРМЕН ЖАБДЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің жаңадан тағайындалған басшысы Қалменов Саламат Мұратұлы, 1984 жылы Мәртеке ауданында дүниеге келген. Бүгінгі күнге дейін облыстық төтенше жағдайлар бөлімінің өрт сөндіру қызметінің жүргізушісі, облыстық №4-ші өрт сөндіру бөлімі

қарауылының басшысы, Мәртеке аудандық №11-ші өрт сөндіру бөлімі қарауылының басшысы, бөлім басшысының орынбасары, Мәртеке аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарған.

Кездесу соңында аудан әкімі С. Аманбаев, С.Қалменовтің



жаңа қызметіне табыс тіледі және кездесуден кейін аудандық төтенше жағдайлар бөліміне барып, жеке құрамды жаңа басшымен таныстырып, бөлімшенің базасы мен техникасын қарап шықты.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



ҚАЗІР ТҮНГІ УАҚЫТТА ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ, КЕШКІ УАҚЫТТА ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғаларының алдын алу үшін жолды жарықтандыру мәселесі қолға алынып жатыр. ТАЯУДА АУДАННЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАНЫНА 50 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ БЕКІТІЛГЕН ІС-ШАРА ЖОСПАРЫНА СӨЙКЕС ДОСЖАН ХАЗІРЕТ ДАҒҒЫЛЫН ЖАРЫҚТАНДЫРУ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.

Аталған жұмысты атқару үшін теңдерге түсіп, жеңіп шыққан мердігер мекеме – «Гемакасис» ЖШС 231 тірек (жарықтандыру шамы) және 4 трансформатор орнатты. Жарықтандыру бағаналары Шұбарқұдық кенті орталығының кіреберісіне және батысқа қарай шығатын тас бойына орнатылған.

Іске қосылған жарықтандыру бағаналарын кент әкімі Қ.Нұралымен және ардагер М. Нұғымановпен бірге тексеріп шыққан аудан әкімі С. Аманбаев, жол қозғалысына қатысушыларды қауіпсіздік талаптарын сақтауға және жылдамдықты шамадан тыс асырмауға шақырады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



Аудан төрінде - ақындар айтысы

АУДАНЫМЫЗДЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАНЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ЖОСПАРЛАНҒАН ІС-ШАРАЛАР АЯСЫНДА, «ТАРИХИ ТЕРЕҢ – ТЕМІР» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ Н.БАЙҒАНИН АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАНЫ, ОҒАН ОН СУЫРЫПСАЛМА АҚЫНДАР ҚАТЫСҚАНЫ ТУРАЛЫ ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨТКЕН САНЫНДА ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗДЫ ХАБАРДАР ЕТІП, ЕРШАТ ҚАЙБОЛДИН МЕН ШҰҒАЙЫП СЕЗИМХАНҰЛЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙТЫСТЫ ЖАРИЯЛАҒАН БОЛАТЫНБЫЗ. АЛ БҮГІН АҚТӨБЕЛІК АҚЫН НҰРБОЛ ЖАУЫНБАЕВ ПЕН МАҒҒЫСТАУЛЫҚ НҰРЛАН МҰСАЕВТЫҢ АЙТЫСЫНА КЕЗЕК БЕРІП ОТЫРМЫЗ. СОНДАЙ-АҚ, ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ САҢДАРЫНДА, ОСЫ АЙТЫСҚА ҚАТЫСҚАН БАСҚА ДА АҚЫНДАР АЙТЫСЫНЫҢ ЖАЗБАША НҰСҚАСЫ ЖАРИЯЛАНАТЫНЫН ОҚЫРМАНДАРДЫҢ ЕСІНЕ ТАҒЫ БІР РЕТ САЛҒАНДЫ ЖӨН КӨРЕМІЗ.

НҰРБОЛ ЖАУЫНБАЕВ ПЕН НҰРЛАН МҰСАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ

НҰРБОЛ ЖАУЫНБАЕВ:

Көп болды құрмағалы жыр бұлағы,
Батысын біздер үшін жер жұмағы.
Ассалаумағалейкум Темірдегі,
Төріне шығарған ел төл мұраны.
Бір сәлем Нұрлан аға Мұсаевқа,
Өзіңнің Маңғыстаудың өр қыраны.
Айтыста жасы үлкенге сөз бастанат,
Інілі жосықпенен жөнді ұғады.
Ағамнан өзім бұрын бастап кетсем,
Ізетіме болмасын зор күмәні.
Мен айтыстың жағдайын ойлап тұрмын,
Өзіңнен бұрын шертсем домбыраны,
Елдегі жағдайларды білесіздер,
Көп жайды көзіменен көрді бәрі.
Маңғыстау бірдеңені бастай қалса,
Айқай-шу боп кетеді соңғы жағы.

Жастайымнан жүлдеден дәмеленгем,
Бала кез – он бесімде мәре көргем.
Ағаммен айқасуға көшсем бірден,
Түсінбей қалмаңыздар иә, көрермен.
Темірім ер бөлеткен батыр бабам,
Бір өзі батыр палуан тәрбиелеген.
Шығардан шаппа-шапты бастап
кетсем,
Өзіңнің жүргенім ғой өнегенмен.
Ербөлектер көп созбай әңгімені,
Жауына тап беріпті ө дегеннен.
Бапталып күтіп жүрген бәйгі күнін.
Сайланып келді біраз сәйгулігің.
Сәйгуліктің біреуі Нұрлан ағам,
Сақтаған бабалардың байлығын.
Лұқ ұқсап өзегін Маңғыстаудың,
Өлеңнің шағып жеген май-жілігің.
Топ мені Мұсаевқа ұқсатады,
Атыма атын қосып: «Өй!..» дегенін.
Қай жерім ұқсайтының айтпайт бірақ,
Сурайын жұрттан осы жайды бүгін.
Ағайын өзің айтшы Мұсаевқа,
Несімен ұқсайт менің қай қылығым?
«Сөзің ұқсайт» десеңдер қуанамын,
«Түрің ұқсайт» десеңдер қайғырамын.

Нұрлан аға сен де мықты ұл, мен
де мықты ұл,
Мықтылар бірге жүрсе елге рух бұл.
Мұсаев әрі ақын, палуан еді,
Бір өзі бар әдісті меңгеріп тұр.
Айтыс пен күрес қатар өте-тұғын,
Қазіргі ас пен тойлар кем болып тұр.
Бұл ағам екеуіне қатысады,
«Жүргенім жарамас» деп сенделіп құр.
Айтыстан жеңілсе де қайтады екен,
Күрестегі бәйгені өңгеріп бір.
Бірақ бүгін Ақтөбе келген жерің,
Білектілер тұратын ел болып тұр.

Есет пен Мейрамбектей палуандары,
Бұл күресте дес бермес ер болып тұр.
Қазақтың өкімі де палуан ғой,
Шаһар кісі соңыма дем беріп тұр.
Ақындығы тамаша азаматсың,
Жақсылап айтысқаның жөн болып тұр.

Ақтөбеде аралас Әлім, Адай.
Ал енді Маңғыстауда қырғын Адай!
Тіл кеспек, татулыққа ұран болған,
Тауысуға мүмкін емес сабыр Адай.
Өр қазақты балаған жалғызына,
Сабыр Адай өзінде бәрі қалай?
Маңғыстаудың қонағы – ару деген,
Қан шықпай ғалым атам жариялай.
Маңғыстау шаңды қиян, маңғаз өлке
Даңқы бар ұлдарының дабырадай.
Басшылардың басталса бассыздығы,
Маңғыстау реттейді бәрін оңай.
Газ бағасын түсіріп бердіңіздер,
Ерлігіңді айтайын тағы да Адай.
Сіздікі жаққа елендеп отырамыз,
Алаңсыз атты ма деп таңы арай?
Ауылыңның айта отыр әңгімесін,
Нұр аға сөзді жалғап әрі қарай.
Оятып жүре-тұғын қазақтарды,
Ұйқыдағы арудың хәлі қалай?

НҰРЛАН МҰСАЕВ:

Ынта тастап отырған елің отыр,
Сондықтан інім кеуде керіп отыр.
«Жырым ұқсап кетсе егер қуанам» деп,
Көңілі сары майдай еріп отыр.
«Түрім ұқсап кетсе егер қайғырам» деп,
Кезекті ажуалап беріп отыр.
Бұл халық өкінішке орай інім,
Қайғыңа ортақтасып келіп отыр.

Сен өзің бәлесің бе, баласын ба?
Ойнайтындай бұл ағаң нағашың ба?
«Майлы қияң жарқырайды» деп
сұрап отыр,
Баланың сұрағы көп қой санасында.
Одан да тыныштықпен тұрақтала,
Киелі Маңғыстаудың баласына.
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,
Ел жатыр қарт Каспийдің жағасында.
Тұрғындары сабырлы, жайбарақат,
Ақтау деген ақмаржан қаласында,
Шенеулікті түсіріп сабасына,
Түсіріп жәймен газдың бағасын да.

Шалдардың ұстағасын шаригатын,
Намысын найзағайға жағып жүрген,
Қараған дұшпан болса қарып жүрген.
Армысың Нұрбол деген бойдақ жігіт,
Қасы-көзі қиылған ару көрсе,
Тілін жұтып, есінен танып жүрген.

Туған күн, би кешіне бара қалса,
Қылғынып, галстугін тағып жүрген.
Ағасы көп қыздардан безіп-қашып,
Ағасы жоқ қыздарға барып жүрген.
Айлығы мен айтыстан талқанына,
Құшақ-құшақ гүл шоғын алып жүрген.
Үйіндегі анасы кіріп жуып,
Қос қолы, қос білегі талып жүрген.
Бойдақтықты – бостандық деп түсініп,
Бас құрауды ойласа налып жүрген.
Төсегін жылытатын әйелі жоқ,
Өр ауылға бір түнеп қалып жүрген.
Анаң аяушылық танытқайсың,
Келін болып қалуға сәл қалып жүрген.

Бауырға қатты ашиды бауыр заңы,
Бұл деген жазып қойған қаулы, заңы.
«Үйленсем өзім құрып кетемін» деп,
«Бойдақтық – халық жауы» деген екен,
Қазақтың қаһарман Бауыржаны.
Баукеңнің тіліменен айтар болсақ,
Нұрбол Жауынбаев – халық жауы!

НҰРБОЛ ЖАУЫНБАЕВ:

Өзіңіз айтқан өлеңнің,
Тыңдадым әрбір тармағын.
Жап-жақсы терген арнауың,
Көп екен, бірақ жауабың.
Біріншіден ағасы,
Бауыржанды ардағым,
«Тең көрген» деп сөйледің,
Бойдақ деп халық жауларын.
Өр жерден естігеніңді,
Сахнаға салмағын.
Бауыржан олай демеген.
Деректерден хат танып,
Кітаптарды ақтарып,
Ашсаңыз егер есіңіз,
Тарих деген таңбаның.
Білмесеңіз біліңіз,
Баукеңнің өзі әйелді,
Отызға таяп алғанын.
Екінішіден ағасы,
Жиырма жеті жасында
Келін болып түспеп пе еді,
Өзіңнің де жан-жарың.
Үшіншіден ағасы,
Армандап жүр Ақтөбе,
Бір перзенті айттыста
«Алтын домбыралы» болғанын.
Осыны ойлап өз басым,
Қыдырыстарға бармадым.
Аруға емес, уақытты
Өз өнеріме арнадым.
Ойымда жүрген шаруам –

Орындау елдің арманын.
Орындалса егер арманым,
Кере жатармыз қалғанын.

Қинадым Нұрлан деген сұр мергенді,
Сұр мерген мұлт кетіпті бұл жерде енді.
Жауға балап жақтырмай отырсыз ғой,
Үйленбей бойдақ өмір сүргендерді.
Одан да халық жауы демейміз бе,
Пәтеріне келімесіз кіргендерді?
Үйленген қазақтарды орыс үшін,
Үйінен қуып шығып жүргендерді.

Арғымақтап бәйгеде арқыраған,
Қиуынан қалай мен қарқын алам?
Бізде бүгін беташар жасаймыз ғой,
Халқым аман тұрғанда, салтым аман.
Жеке бастың қоя тұрып мәселесін,
Темір жайлы жөн болар талқылаған.
Тарихы тарам-тарам бұл өлкеге,
Менің берер «5» емес, «6» бағам!
Он екі ауданы бар Ақтөбемнің,
Ұнайды хас сұлудай халқы маған.
Он екіде бір гүлі ашылмаған,
Ару десе толады бәрі соған.
Он екінің ішінде Темірім тұр,
Даласынан табылған «Алтын адам»!
Ақтөбеден арудың қолындағы,
Алтын жүзік секілді жарқыраған.

Ақындықта Абай – құнды Абай,
Батырлықтың ең биік тұғыры Абай.
Пір кісі ед қазағымда Досжан Ишан,
Халифаттан таратқан шұғыл Абай.
Өз мөрі болған екен бабамыздың,
Айтады шалдар соны бұрмаламай.
Сол мөрі өлі күнге сақталып тұр,
Мұражайдан көресің түрін оңай.
Дінге дұшпан кеңестік кер заманнан,
Өткізгенін жырлайды бұны қалай?
Ұрпағы ұнға көміп жасырыпты,
Көрсетсем кетеді деп ұры да Адай.
Бабасының мирасын сақтау үшін,
Бәйгеге басын тіккен ұлылар-ай!
Ұн астынан табылған сол мөр бізге,
Құм астынан табылған құмырадай!

Айрылып ақындардың тең келері,
Жүйіткішін шабытының жырлы өлеңі.
Бір кездері Мәскеуде ұлықталды,
Қазақтың айттыс деген құнды өнері.
Ермановпен Мәскеуге бірге барып,
Мұсаевтың төгілген түрлі өлеңі.

НҰРЛАН МҰСАЕВ:

Сен бала ұсталдың-ау осы арадан,
Сөзің кетті түйедей бошалаған.
«Бойдақты халық жауы дедің» деп,
Жаланы кеп жабатын нашар адам.
Өзіңе қатысы бар жерді ұқпай,
Баукеңнің өсиетінен қашама адам,
Үйленіп ұлттың санын өсірмесен,
Кершілер ене берер босағадан.
Алтын емес ұрпақтың армандары,
Ұлттына өз үлесін қосар адам.
Пайғамбар: «Көбейіңдер!» демеп пе еді?
Болмайық осал үмбет, осал адам.
Балаға ақыл айтамыз: «Дұрыс қой» деп,
Біз жасаған қатені жасамаған.
«Отызға таяп, Баукең үйленген» деп,
Осылай да жаңалық аша ма адам?
Сен қайбір жау жапырып жатыр едің?
Оның қолы соғыстан босамаған.
Мен бұтақ болғанда, сен бүршік едің,
Түмегі қисаймай қалған ұршық едің.
Мәскеуге барғанымыз рас еді,
Айтыстың көшін бастап Жүрсін Ерман.
Ол жақта қандастарым күтіп алып,
Төріне шығарғанын білсін елім.
Орыс қонақ қылған жоқ мені ешқандай,
Мен мұндай әзіліңе күрсінемін.
Бәрібір шақырса да бармас едім,
Сары мен салдаққан түршігемін.

Айтпақшы, сен оларды танитындай,
Пушкиннің соңындағы жыршы ма едің?
Бес-алты орыс іздеп жүр деп қоясың,
Жалған «хайып» жасайтын жыршы

ма едің?
Жоқ әлде сары орыспен сыбайлас боп,
Шекарадан өткізген боп жүр ме екенсің?

Ақтөбе өнер толған өңір еді,
Сөзбен тасыса жарқырап төңірегі.
Димашқа таңдай қағып, бас шайқады
Әлемнің өркеніетті небір елі.
Жапония әуежайы қазақша айтып,
Жағдаятты жарып тұр желідегі.
Қосылып АҚШ-тағы жанкүйерлер,
Қазақша ән шырқағанын көріп едік.
Димаштың көп әнінің сөзін жазған,
Қазыдағы Байсеңгір серім еді.
«Ұмытылмас күн» деген сол бір әні,
Оралға ұмытылмас өңір еді.
Сол талантты әншіге Шұбар жұрты,
Сенің де еңбегің бар көрінеді.
«Ер жігіттің жақсысы – нағашыдан»,
Дегенді көп айтады ел үнемі.
Әлемді таң қалдырған сол Димаштың,
Нағашы жұрты – осынау Темір еді!

Еселеп хан сайлаған қарадан да,
Сен де ертең айналарсын абаданға.
Президент сайлауы келе жатыр,
Бас ауруы болып тұрған балаға да.
Осы елдің азаматы ретінде,
Науқанға мүмкіндік бар әр адамға.
Бейтаныс кандидаттар дәмелі екен,
Танысымды саралап, санағанда.

НҰРБОЛ ЖАУЫНБАЕВ:

Қалжыңды қисынсыз құрғанменен,
Қисынды жауабымды жылдам берем.
Сайлауға бұл ініңіз жасы жетпес,
Және де сай келмейді тұлғам, денем.
Саясаттың өткізбес «ГАИ»-лері бар,
Қай мықтыны кандидат қылғанменен.
Айқастың алаңын айтыспенен,
Өзімді өнер дейтін шыңнан көрем.

Темірім құт дарыған жерім еді,
Өнерлі жігіттердің өңірі еді.
Ақын етіп Қайболдин, Тілеуқұлып
Шұбардың айтыстағы серілері.
Үшеуі бір көшеде тұрады екен,
Мен айтпай-ақ біледі елім оны.
Өзгеден ақын барып, көктем түіп,
Өнерде озып тұрған Темір еді.
Көкшелпегі тұрғанда басқалардан,
Көшесінің өзінен көрінеді.

Тыңдағаны ән мен жыр, терме болған,
Темірім тұрғындары жердегі алуан.
Аз сөйлеп, көп тыңдауды бұйырғандай,
Бір ауыз, екі құлақ берген Алла.
Ендеше біз айтысты аяқтайық,
Өсерін көп ауыздың елден алған.
Ақ сөлемін айта бар Ақтөбенің
Сәтінде Маңғыстаудай елге барған.
Осымен қош аман бол темірліктер,
Жүрсіннің жүйріктерін көрген алуан.
Айтысын қаладан да бұрын жасап,
Бар жанның көңілдерін бөлген аудан.
Іргесінде әулие жатыр ғой деп,
Ақындарды мұра тартып келген аудан.

НҰРЛАН МҰСАЕВ:

Нұрбол жан арта берсін, асқақтасын,
бақ беделің!
Өмірде айтылмасын өттегенің.
Ортамызда аман жүр оқыған інім,
Оқ емес, өлең құсқан ақ төре інім.
Сақалың салалаған шал болғанша,
Атағын аспандатып жүр Ақтөбенің!

Қайырымдылық

«ХАРЕКЕТ» ТЕМІРДЕ

БҰҒАН ДЕЙІН, ТАҒДЫРДЫҢ ТАУҚЫМЕТІНЕ МОЙЫМАҒАН АУДАН ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТҮРҒЫНЫ Б. АНГЕРЕЕВ ЖӘНЕ ЖҰБАЙЫ ҚӘБІЛОВАНЫҢ ҚЫЗЫ С. АНГЕРЕЕВАНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӨЙКЕС РӨСІМДЕЛІП, ІІ-ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТІК ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БОЛАТЫН. ҚАЗІРГІ ТАҢДА Б. АНГЕРЕЕВТІҢ ӨЗІ ДЕ АУДАНДЫҚ ЕМХАНАҒА ЖАТҚЫЗЫЛЫП, ЕМ-ДОМ ҚАБЫЛДАП, АУДАНДЫҚ ЕМХАНА ДӘРІГЕРЛЕРІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА. ТАЯУДА АУДАН ӘКІМІ С. АМАНБАЕВ, ҚАЙМАНА ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНАШЫРЫ АТАНЫП КЕЛГЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ХАРЕКЕТ» ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨКІЛІ А. ӨТКЕЛБАЕВАНЫ ЖӘНЕ ТЕМІР АУДАНЫНДАҒЫ ӨКІЛІ А. БАШИЕВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ. «ХАРЕКЕТ» ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ ҚОРЫ ЖУЫҚТА ҒАНА Б. АНГЕРЕЕВТІҢ ОТБАСЫНА БАСПАНА КІЛТІН ТАБЫСТАҒАН БОЛАТЫН.

Ізгілікті ұлықтайтын «Харекет» қайырымдылық қоры 2017 жылы қыркүйек айында республикалық қор ретінде ресми тіркелген. Құрылғанына биыл 5 жыл толаған қор, о баста «1000 теңгеге баспана» бастамасымен қолға алынған игі шара болатын. Осы 5 жыл ішінде қайырымдылық қоры, республика көлеміндегі мұқтаж жандарға 752 баспананың кілтін табыстаса, ал Темір ауданы бойынша осымен үшінші отбасыны тегін баспанамен қамтамасыз етіп отыр.

Қабылдау барысында аудан әкімі «Харекет» қорының өкілдеріне «Алғыс хат» табыстап, қоғам мүддесі жолында атқарған жұмыстарын жоғары бағалады және қордың негізін қалаушы әрі басшысы Гүлмира Мұханқызына ауыл тұрғындарының шексіз ризашылығын жеткізуді сұрады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

АУДАНӘКІМСАЛАМАТАМАНБАЕВТЫҢТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ЖИЫНДА АУДАНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫН ДАМУ ТҰРАСЫНДА АУДАНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫН ДАМУ ТҰРАСЫНДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ Ж. ҚОЙШЫБАЕВ ПЕН Н. КӨШЕКБАЕВА, АППАРАТ БАСШЫСЫ А. СИСЕНОВ ҚАТЫСТЫ.

ЖИЫН БАРЫСЫНДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ҚОЙШЫБАЕВТЫҢ БАЯНДАМАСЫ ТЫҢДАЛДЫ. БАЯНДАМАДА, БҮГІНГІ ТАҢДА «ЭНЕРГОСИСТЕМА» ЖШС АУДАН БОЙЫНША 25 ЕЛДІ МЕКЕНДІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІНІ, АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ 1 ДАНА КТП, 190 ДАНА БАҒАНАНЫ ЖӘНЕ 17,19 ШАҚЫРЫМ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН АУЫСТЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІНДІГІ АЙТЫЛДЫ.

ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛСІН

Жиын соңында аудан әкімі энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз етуді, электр желілерін жаңғырту бағдарламасы аясында жоғары вольтты желілерінің ескі бағаналары санын нақтылап, жоспарға енгізуді, электрмен қамтудың сенімділігін, тұтынушыларға электр қуатын тарату қызметтерінің сапасын арттыруға, жалпы электр қауіпсіздігіне бағытталған шаралар жүргізуді тапсырды. Аталған тапсырмалардың іске асыру жөніндегі бақылауды орынбасары Ж.Қойшыбаевқа жүктеді.

ТЕМІР ГАЗЕТІ.

Өзекті мәселе талқыланды

Аудан әкімі С. Аманбаевтың төрағалығымен өткен жиында отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қаралды. Жиында аудан әкімінің орынбасарлары Ж. Қойшыбаев, Н. Көшекбаева, аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Ж. Имашев, аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы М. Балмағамбетов, аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж. Жасақбаева, аудандық білім бөлімінің басшысы А. Әсербаев қатысты.

Жиын барысында аудан әкімінің орынбасары Н. Көшекбаеваның «Тұрмыстық зорлық-зомбылық деректері және алдын алу шаралары туралы» баяндамасы тыңдалды. Баяндамада отбасылық зорлық-зомбылық бойынша анықталған құқық бұзушылықтар аудандық сот тарапынан шешім қабылданып, оларға 63 қорғау нұсқамасы берілгені, 42 ерекше талаптар қойылғаны, осы мәселе бойынша маскүнемдікке шалдыққан 25 адам есепте тұрғаны, оның ішінде 1 адам сот қаулысымен арнайы емдеу мекемесіне жіберілгені айтылды. Сонымен қатар, ауданда зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік желі арқылы ақпараттық-насихаттау шаралары жүргізіліп, округтерде тақырыптық бағытта баннер ілінген. Аудан көлемінде жыл басынан бері әйелдерге қатысты «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы мен профилактикалық іс-шаралар өткізілуде.

Жиын соңында аудан әкімі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуды, отбасы институтын нығайтуға бағытталған ақпараттық-насихаттау акцияларын өткізуді, жауапкершілікті қатаңдату шараларын әзірлеуді, аталған құбылыстан зардап шеккендердің құқықтарын және қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бірлесіп жұмыс жасауды, осы бағыттағы жұмысты жандандыруды ұсынды және аталған тапсырмалардың орындалуын бақылауды орынбасары Н. Көшекбаеваға тапсырды.

ТЕМІР ГАЗЕТІ.

Құрметті

ҚҰРМЕТТІ РАСОВ СЕРІК!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың жаңа бір белесі – 60 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз.

Қазірде берекелі отбасының тізгінін ұстап, немерелеріңіздің сыңғырлаған күлкисін қызықтап келесіз.

Ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек ету, ұлағатты ұрпақ өсіру бойыңыздағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттеріңіздің арқасында жүзеге асқаны анық.

Құрметті Расов Серік! Мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз!

Құрметпен,
Темір ауданының
мәслихат ұжымы.

КҮЗГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМІН ӨТКЕРГЕН МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ЗАПАСҚА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫН 2022 ЖЫЛҒЫ НАУРЫЗ-МАУСЫМЫНДА ЖӘНЕ ҚЫРКҮЙЕК-ЖЕЛТОҚСАНЫНДА МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ КЕЗЕКТІ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ» 2022 ЖЫЛҒЫ 4 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС, 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП, ЕЛІМІЗДЕ КҮЗГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ.

«Облыстық қалалық және аудандық шақыру комиссиялары жергілікті атқарушы органдар өкімдері орынбасарларының басшылығымен жұмысқа кірісіп кетті. Әскерге шақыру кезеңі 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Алдағы төрт ай ішінде Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қатары 18-27 жас аралығындағы 18 мыңға жуық жаңа буынмен толықтақ. Оның ішінде 8 мыңға жуық жас Қарулы күштердің қатарына

қосылып, 6 мыңнан астам бозбала Ұлттық ұланға, 3 мыңнан астам адам Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, 300-дей жас Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелеріне және 100-ге жуық азамат Мемлекеттік күзет қызметіне шақырылады» делінген Қорғаныс министрлігінің хабарламасында.

Әскерге шақыру SMS-хабарламалар немесе үйіне және жұмыс орындарына дербес шақырту қағаздарын жіберу арқылы жүзеге

асырылатын болады. Бұл шараларды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырып, оның іске асуын қамтамасыз етеді. Облыс, қала, аудан өкімдерінің орынбасарлары әскерге шақыру комиссияларын басқарады. 7 қыркүйектен бастап жаңа құрамалар жинау пункттерінен әскери бөлімдерге жіберілетін болады.

Nege media сайтынан алынды.

ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Кеңжияқ ауылдық мәдениет үйінің директоры Ардақ Мұғалқызы Құбашева, Алматы қаласында өткен жиында ел тәуелсіздігіне қосқан ерен еңбегі үшін, республикамыздың бір топ ардагерлерінің қатарында, «Qazaqstan ardagerleri» қауымдастығының батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» төсбелгісімен марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Балалар жылы -2022

"Алтын-ай" Гран-Приді" жеңіп алды



Ауданымыздағы үлгілі «Алтын-ай» би ансамблі, бұрын да қай сайысқа бармасын жүлдесіз қайтпаса, соңғы кездерде тек «Бас Жүлдені» жұлпып алып келіп жүр. Мәселен, таяуда ғана Ақтөбе қаласында өткен IV-республикалық «Жас дарын» фестиваль-байқауында жерлестеріміз тағы бір рет «Гран-Приді» жеңіп алды.

Әбді-Сәлі.

«ЖӘРМЕНКЕ-2022» САЙЫСЫ ӨТТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ТОҚАЕВ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ 2022 ЖЫЛДЫ «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. ПРЕЗИДЕНТТІМІЗДІҢ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАҒАН «ЗЕРЕ» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ ТҮРЛІ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДА. СОНЫҢ БІРІ ЖУЫҚТА ТОПТАР АРАСЫНДА САЙЫС ТҮРІНДЕ ӨТКЕН «ЖӘРМЕНКЕ-2022» ДЕП АТАЛАТЫН ШАРА.

Аталған сайыс – таныстыру, сән үлгісі, жәрмеңке ұйымдастыру, бұлдіршіндердің өнері деп аталатын бөлімдерден тұрды. Сайысқа 10 топтың ата-аналары мен бұлдіршіндер, атап айтқанда «Құлыншақ» тобынан Г. Сейілқызы (тәрбиеленуші Әдемі Наурызғали), «Жауқазын» тобынан И. Маратова (тәрбиеленуші А.Маратов), «Еркеназ» тобынан А. Балмашова (тәрбиеленуші А.Балмашова), «Күншуақ» тобынан М. Айманова (тәрбиеленуші А.Тимуров), «Еркемай» тобынан И. Тоқтарова (тәрбиеленуші Е.Нұрлан), «Бәйшешек» тобынан М. Абитова (тәрбиеленуші М.Ержанқызы), «Қарлығаш» тобынан Д. Ерболатова (тәрбиеленуші М. Саржан), «Балдырған» тобынан А. Абилядина (тәрбиеленуші

А. Ибатолла), «Айгөлек» тобынан Қ. Сақтаған (тәрбиеленуші К.Сайраш), «Балапан» тобынан А. Аққуовна (тәрбиеленуші Ә. Жолдас) қатысты. Әртүрлі жеміс-жидек пен көкөністер кейіне енген ата-аналар, бұлдіршіндермен бірге кезекпен сахнаға шығып, дайындап келген сән үлгілерін көрсетті және қайсы топтың намысын қорғайтынын айтып, өздерін таныстырды. Бұдан соң әрбір топ өздерінің ауласында өсіріп өндiрген жеміс-жидектерімен және көкөністерімен жәрмеңке ұйымдастырып, арзан бағада сатылымға қойды. Соңғы бөлімде бұлдіршіндер өз өнерлерін көрсетті. Жәрмеңке соңында құрамында «Зере» бөбекжай балабақшасының ата-аналар комитетінің төрайымы М. Хайрулина, балабақша психологы Ж. Барлыққызы және балабақша

есепшісі Ж.Таймағанбетовна бар сарапшылар, сайыстың қортындысын шығарып, ата-аналарға ақшалай сертификаттар табыстады. Мұнда I-орынды жеңіп алған «Балапан» тобы 30 мың теңгенің, II-орынды иеленген «Күншуақ» тобы 20 мың теңгенің, III-орынға жайғасқан «Жауқазын» тобы 15 мың теңгенің сертификатымен марапатталды. Сондай-ақ, «Қарлығаш», «Айгөлек», «Құлыншақ», «Еркеназ», «Бәйшешек», «Еркеназ», «Балдырған» топтары түрлі номинация бойынша 10 мың теңгелік сыйлыққа ие болды.

Е. А. ЖЫЛҚЫАЙДАРҚЫЗЫ,
«Зере» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі.

Темір ауданының әкімдігі және аудандық мәслихаты аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және ақпараттық талдау жұмыстары бөлімінің басшысы Сабырбаев Арын Нұрмашаулының ағасы **Дауренбайдың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы және барша ағайын-туыстарының қайғысына қайғырып көңіл айтады.

Жастар шығармашылығы

ҚАЙТА ОРАЛҒАН МЕРЕКЕ

1990 ЖЫЛЫ 25 ҚАЗАНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ ҚАБЫЛДАНДЫ. СОДАН БҮЛ МЕЙРАМ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ АТАЛЫП ӨТЕ БАСТАДЫ. АЛАЙДА 2009 ЖЫЛЫ ТИІСТІ ЗАҒА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛІП, «РЕСПУБЛИКА КҮНІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕР ТІЗІМІНЕН ШЫҒАРЫЛДЫ. АЛ БИЫЛ, 13 ЖЫЛДАН СОҢ, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ОТЫРЫСЫНДА ОСЫ МЕЙРАМДЫ ҚАЙТАРУ ҚАЖЕТТІГІН МӘЛІМДЕДІ. КӨП ҰЗАМАЙ ПАРЛАМЕНТ ОСЫ БАҒЫТТА ЗАҢ ҚАБЫЛДАДЫ. ОСЫЛАЙША ОН ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ БОЙЫ ҰМЫТ ҚАЛҒАН «РЕСПУБЛИКА КҮНІ» ҚАЙТА ОРАЛЫП, 25 ҚАЗАН ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ – «РЕСПУБЛИКА КҮНІ», 16 ЖЕЛТОҚСАН – «ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ БЕЛГІЛЕНІП ОТЫР.

Республика күнінің мемлекеттік деңгейде, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа ортақ мереке ретінде тойлануы – халқымыздың бойына қуат сыйлайтын оң шешім. Бұл әуелі, қоғамның патриоттық сезімін арттыруға сеп болары анық. Осы орайда мына екі елеңімді өліме арнағым келеді:

25 ҚАЗАН

Жиырма бесінші қазанда, Тойлаймыз біз мереке. Шаттық әуен байқалсын, Республика күнінде. Мерекені тойлайық, Бүкіл қазақ ел болып. Арайлы атсын таңымыз, Шуақ шашып, күн күліп.

ТӘУЕЛСІЗДІК

Қазағымның көптен күткен күні бұл, Үміт жібі үзілпейді, күдік, мұң.

Бостандықтың дәмін татып

қуанып, Қуаныштан көзге жасты алған күн. Егемендік мейрамды жанға

жақын, Жырлауға менің де бар хақым. Бейбіт елдің тыныштығы

бұзылмасын, Сөнбесін мәңгі жансын жігер-жалын.

Гүлденсін ерқашанда менің елім, Құлпырсын көз томайтын менің жерім.

Болашағы жарқырап өркендесін, Таусылмасын, сарқылмасын бақыты оның!

Қазағым қайсар халқым тірегім, Сен деп соғар

жұдырықтай жүрегім. Аспан ашық, күніміз жарқын болсын, Осыны мен күні-түні тіледім! Қазақтың әрбір азаматы

еліміздің тұтастығын, ел тыныштығын сақтауға міндетті. Бірлік, татулық, ынтымақ! Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы жүздеген ұлт пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғастырып отырған Ұлы мемлекет. Осындай ұлы қасиеттерді бойына сіңірген Ұлы Мемлекетте бүгінде Республика күні мерекесі қайта жаңғырды. Көк байрағы желбіреген, бүгінгі таңдағыдай абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің болашағы мен келешегі баянды болғай. Түрлі қиындықтардың арқасында қол жеткізген, қазақ елінің Республика, зайырлы, құқықтық мемлекет болып жарияланған күні, яғни Республика күні баршаныңа құтты болсын. Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған Республика күні құтты болсын, ағайын! Баршаныңа бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілей отырып, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын деп тілек білдіргім келеді. Сүйікті Отанымыз Қазақстан мәңгі жасай берсін! Көк Туымыз кепімізде желбіреп, Өнұранымыз әуелеп шырақалып, Елтаңбамыз терімізде жарқырасын!

Диас Асхатұлы
ӘБІЛҚАДЫРОВ,
Абылайхан атындағы
ҚХЖӘТУ
журналистика факультетінің
II-курс студенті.

Меншік иесі:
Аудандық «Темір» газеті ЖШС

Директор Меңдіхан ӘДІЛХАНҰЛЫ

Газет Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың 2-тамызында тіркеліп, №12894-Г куәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді

Газеттегі кейбір суреттер галамтордан алынды.

Темір

Аудандық «Темір» газеті ЖШС.
Мекен-жайы 030800, ҚР Ақтөбе облысы,
Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 11.

Редактор Бердихан АДІЛХАНОВ

телефоны 871346 (49-0-11)
тілшілер 2-24-72

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ.
ТАРАЛЫМЫ 2160 ДАНА. ТАПСЫРЫС 1498
КӨЛЕМІ 2 БАСПА ТАБАҚ, ИНДЕКСІ 65510

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында
басылады. Ақтөбе қаласы, Смағұлов 9/2
Басылу сапасы жөнінде 400 400 телефонына
хабарласуға болады.